

2012 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 209 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 маусымда № 3401 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы әкімінің аппаратының 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 14-5/53 хаты).

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы әкімінің аппаратының 09.01.2014 № 14-5/53 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағы 5-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Ақтөбе қаласы мен аудан әкімдері осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ. Нұрқатоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

Облыс әкімдігінің
2012 жылғы 7 маусымдағы
№ 209 қаулысына
1-қосымша

2012 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке
--	--

№	Аудандар атауы	дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Алға	50
2	Әйтеке би	
3	Байғанин	75
4	Ырғыз	
5	Қарғалы	
6	Қобда	100
7	Мәртөк	
8	Мұғалжар	405
9	Темір	140
10	Ойыл	25
11	Хромтау	280
12	Шалқар	150
13	Ақтөбе қ.	1687
	Барлығы	2912

Облыс әкімдігінің
2012 жылғы 7 маусымдағы
№ 209 қаулысына
2-қосымша

2012 жылы бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Б і р тәрбиеленуші г е жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар					
	Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)		шағын орталықтар			
			балалар жарты күн болатын		балалар толық күн болатын	
	орналасқан:					
	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде
	20000	23736	5321	6648	11188	13915
	экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін коэффициентін есепке алғанда 1,2					
	23833	28050	6464	7994	13548	16522
	экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін коэффициентін есепке алғанда 1,5					
	28237	33035	7708	9457	16116	19474

Облыс әкімдігінің
2012 жылғы 7 маусымдағы
№ 209 қаулысына
3-қосымша

2012 жылы 1 тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі ұйымдар	
	Балабақша (бөбек- балабақшалар, орталықтар)	
	ұйымдарда болу ұзақтығымен	

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	9-10,5 сағат	12 сағат	Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар
	400	420	400

Ескертпе: 1 тәрбиеленушіге бір күнге ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420 теңгеден артық емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК